

## **Талдамалық анықтама**

**Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының  
«Жаңақорған аудандық көпбейінді орталық ауруханасы» ШЖҚ КМК –  
ныңсыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша**

Жаңақорған кенті

31.05.2023 жыл

### **КІРІСПЕ БӨЛІМІ:**

1. «Жаңақорған аудандық көпбейінді орталық ауруханасы» ШЖҚ КМК -  
ны(бұдан әрі – *Кәсіпорын*) құрлымдық бөлімдердің қызметіне Сыбайлас  
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік қызмет істері және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл  
агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен  
бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік  
қағидаларына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-  
қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының "Сыбайлас  
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту  
туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және Сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №  
12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен  
бекітілген (өзгерістер енгізу туралы) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі  
талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Кәсіпорынның  
2023 жылғы 29 наурыздағы №40/1 бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмыс  
тобы жүргізді:

1. С.Усейнов	бас дәрігер, комиссия төрағасы
2. М.Ысқақова	бас дәрігердің ішкі аудит және пациент құқығын қорғау ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
3. С.Артыков	кәсіподақ ұйымының төрағасы, комиссия мүшесі
4. М.Жубаниязов	бас дәрігердің экономика сұрақтары жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
5. Ж.Ашимов	мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы, комиссия хатшысы

4. **Ішкі талдау жүргізу мерзімі:** 2023 жылдың 1-31 мамыр айы аралығы.

5. **Ішкі талдау жүргізу кезеңі:** 2021-2022 жылдар және 2023 жылдың  
31 наурыз айындағы кезеңі қамтылды.

6. Кәсіпорын бас дәрігері С.Усейнов комиссия төрағасы ретінде Сыбайлас  
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін  
басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктеледі.

## **СИПАТТАМА БӨЛІМІ:**

### **I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:**

- Кәсіпорынның құрлымдық бөлімдерінің қызметтің реттейтін нормативтік құқықтық актілерде сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету, бақылау – қадағалауқызметтерін іске асыру және ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметтінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

### **II. Талданатын объект туралы мәліметтер:**

- Кәсіпорын қызметтінің мәні Жаңақорған аудан халқына медициналық қызмет көрсету болып табылады.
- Кәсіпорын қызметтінің мақсаты шаруашылық - өндірістік қызметтерді жүзеге асыру негізінде медициналық көмек көрсету болып табылады.

1. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- 1) алғашқы медициналық санитарлық көмек: дәрігерге дейінгі, шұғыл медициналық көмек;
- 2) жедел медициналық көмек;
- 3) диагностика: патологиялық анатомиясы, рентгенологиялық, ультрадыбыстық, функционалдық, эндоскопиялық;
- 4) зертханалық диагностика: бактериологиялық, биохимиялық, иммунологиялық зерттеулер, адамның иммун тапшылығы вирусының зертханалық диагностикасы (АИТВ-диагностикасы), жалпы клиникалық, серологиялық, цитологиялық зерттеулер;
- 5) қан мен оның компоненттерін сақтау; фармацевтикалық қызметте: дәрілік заттарды дайындау; есірткі құралдары, психотроптық заттарды және прекурсорларды алу, сақтау, тарату, қолдану және жою;
- 6) ересектерге және (немесе) балаларға мына мамандықтар бойынша консультациялық-диагностикалық және (немесе) стационарлық медициналық көмек: акушерлік және гинекологиялық, педиатрия, неонатология, диетология, инфекциялық аурулар, анестезиология және реаниматология;

терапия: жалпы терапия, невропатология, кардиология, нефрология, профпатология, ревматология, пульмонология, эндокринология, аллергология (иммунология), гематология;

хирургия: жалпы хирургия, хирургия (ірінді, абдоминалды) ангиохирургия, оториноларингология, офтальмология, трансфузиология, урология, травматология

және ортопедия; дерматовенерология; психиатрия: наркология, психотерапия; фтизиатрия; онкология; стоматология;

7) дәстүрлі медицина: гомеопатия, гирудотерапия, мануалдық терапия, рефлексотерапия, фитотерапия;

8) стационарды алмастыратын медициналық көмек (күндізгі стационар);

9) медициналық реабилитология: физиотерапия, емдік дene шынықтыру, массаж;

10) еңбекке уақытша жарамсыздық және жарамды сараптамасы;

11) туберкулезге қарсы диспансерлердің амбулаториялық-емханалық көмек көрсету.

Кәсіпорында құрлымдық бөлімше жұмыс жасайды:

1. Есеп бөлімі.

2. Мемлекеттік сатып алу бөлімі.

3. Персоналды басқару және кадр бөлімі.

4. Экономика бөлімі.

5. Медициналық көмек көрсету бойынша емханалық және аурухана бөлімдері.

**Мекен-жайы: Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, А.А.Сүлеймен №1А  
БИН 140740007416. Тел:8(72435)23163 e-mail: [crb\\_janakorgan@mail.ru](mailto:crb_janakorgan@mail.ru)**

**III.Кәсіпорынның қызметіне, оны ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:**

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы Қазақстан Республикасының Кодекстерін, зандарды, нормативтік құқықтық актілерін, Кәсіпорын өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

**Кәсіпорын өз қызметінде келесідей нормативтік құқықтық актілерін пайдаланылады:**

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі;
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі;
- «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- «Арал өніріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардал шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

-«Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

-«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- «Сыбайлас жемқорлықта қарсы ғылыми сараптама жүргізудің кейбір мәселелері туралы» 16.07.2020 жылғы № 451 қаулысы;

-Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы

**Нормативтік құқықтық актіні талдау жүргізу нәтижесінде мынадай қызметтердің процестерін реттеу бойынша құқықтық олқылықтары байқалуда:**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы №ҚР ДСМ-198/2020 Еңбекке уақытша жарамсыздықта сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парагын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы бұйрығы негізінде жалпы практика дәрігерімен Еңбекке уақытша жарамсыздық парагы беріледі.

Еңбекке уақытша жарамсыздық парагы арнайы нөмірленіп, тігілген журналға тіркеліп Емхананың арнайы мөрі басылады.

Еңбекке уақытша жарамсыздық парагы мемлекеттік қызметтің қатарына енгізілген, алайда Қазақстан Республикасының электрондық үкімет порталынан Еңбекке уақытша жарамсыздық парагын алу мүмкіндігі жоқ.

Сол себепті, кез-келген белгілі бір мекемеде қызмет атқаратын азамат, еңбекке уақытша жарамсыздық парагын рәсімдеп алу мүмкін деген сыбайлас жемқорлық тәуекелі бар.

**ҰСЫНЫМ:**

«Еңбекке уақытша жарамсыздық беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің рәсімдеу бірінғай электронды түрде «электрондық үкімет» шлюзі арқылы алуға ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне ұсыныс жолдау

**IV. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.**

Жаңақорған аудандық көпбейінді орталық ауруханасы ШЖҚ КМК-ны 1447 қызметкер жұмыс жасайды. Кәсіпорынгажұмысқа қабылданған және шыққан қызметкерлер:

2021 жылы Халықты жұмыспен қамту орталығының жолдамасы негізінде 53 қызметкре жұмысқа қабылданған. Жұмыстан шыққандар 71.

2022 жылы 12 айында Халықты жұмыспен қамту орталығының жолдамасы негізінде 24 қызметкре жұмысқа қабылданған. Оның ішінде 8 дәрігер, 6 ортабуын, 2 тех қызметкер, басқада 8 қызметкерлер. Жұмыстан шыққандар 48 қызметкер. Оның ішінде 7 дәрігер, 23 мейірбике, тех қызметкер 5, басқада 13 қызметкер.

2023 жылы 03 айында Халықты жұмыспен қамту орталығының жолдамасы негізінде 5 қызметкре жұмысқа қабылданған. Оның ішінде 1 ортабуын, басқада 4

қызметкерлер. Жұмыстар шыққандар 13 қызметкер. Оның ішінде 2 дәрігер, 4 орта буын, басқада 7 қызметкер.

### **Тәртіптік жауапкершілікке қатысты;**

1. Тәртіптік жазалар бойынша:
2. 2021жылы 168 медицина қызметкеріне тәртіптік шара қолданылған.
3. 2022жылы 145 медицина қызметкеріне тәртіптік шара қолданылған.
4. 2023 жылдың 3 айында 24 медицина қызметкеріне шара қолданылған.

Қазіргі таңда Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық сервисінен алғынған мәліметтерге сәйкес, бөлім қызметшілері әкімшілік және қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылық әрекеттерін жасамағандықтары анықталды.

2021-2022 жылы және 2023 жылдың наурыз айларында мекемеде сыйайлар жемқорлық санатына жататын заң бұзушылықтар орын алмаған және сыйайлар жемқорлыққа қатысты сотқа жүгіну фактілері болмаған.

Кадр мәселелерін реттеу барысында құқықтық мәселелер немесе сыйайлар жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

### **Лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселерінің реттелмеуі,**

Кәсіпорында қызметкерлерді іріктеу мен тағайындау барасында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін» және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № КР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жұмыстар жүргізіледі.

### **Конкурстық іріктеуді ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау.**

Кәсіпорындағы бос жұмыс орынға қызметкерді жұмысқа алу кезінде конкурс өткізілмейді.

**Іріктеу кезендерін өткізу мерзімдерінің болмауы(бос орын туралы хабарландыруды орналастыру, құжаттарды қабылдау, аңгімелесу, тестілеу және т.б.).**

Кәсіпорынның кадр жөніндегі маман бос жұмыс орындару туралы ақпаратты «Еңбек кз» сайтына орналастырады.

**Әнгімелесу және тестілеу өткізу үшін сұрақтарды қалыптастыру және қорғау тетігінің болмауы.**

Кәсіпорындағы бос жұмыс орнына кандидатпен тек әңгімелесу жүргізіледі. Тесттен өткізу жүргізілмейді.

### **Кандиттар үшін әркелкі жағдайлар жасау.**

Кандидаттарды жұмысқа кабылдау кезінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін» және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ- 305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптары катаң сақталады.

### **Үміткерлерді жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдайтын тұлғалардың мүлделер қақтығысын реттеу жөніндегі шараларды қамтамасыз етпеу.**

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік қызметшілер мүлделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды кабылдауга тиіс. Кәсіпорын тарапынан мүдделер қақтығысы орын алған жағдайда мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында тиісті шаралар кабылданады.

Тікелей бас дәрігер қызметкердің өтініші бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды уақтылы қабылдауға, оның ішінде:

- 1) мүдделер қақтығысы соған байланысты туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша қызметкердің лауазымдық өкілеттіктерін атқаруды басқа қызметкерге тапсыруға;
- 2) қызметкердің лауазымдық міндеттерін өзгертуге;
- 3) мүдделер қақтығысын жою жөніндегі өзге де шараларды қабылдауға тиіс.

Қызметкердің, оның тікелей директор және мемлекеттік органның басшылығы өздеріне белгілі болған мүдделер қақтығысы жағдайларын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін тәртіптік жауаптылықта болады.

### **Жұмыскерлерді конкурстық іріктеу жүргізбей лауазымға жогарылату, өзге лауазымдарға ауыстыру.**

Қызметкерлерге конкурстық іріктеу жүргізілмейді, лауазымға жоғарылату, өзге лауазымдарға ауыстыру фактілері орын алмаған.

### **Талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы, көтермелебелері туралы ақпараттың жабықтығы.**

Қызметкерлердің енбегіне ақы төлеу заңнамалардың негізінде жүзеге асырылады. Қызметкерлердің лауазымдық айлықақыларына үстемеақылар белгілеу тәртібі мен шарттарын тиісті заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылып келеді.

### **Тәртіптік жазалар алынбаған жағдайда, жұмыскерлерді көтермелебелу.**

Қызметкерді көтермелебелу лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және курделі тапсырмаларды орындағаны және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың жұмысын

бағалаудың нәтижелері бойынша қолданылады. Тәртіптік жазалары бар қызметкерлерге Кәсіпорын тарапынан сыйақы берілмейді.

### **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдары**

<b>Сыбайлас тәуекеліне шалдыққан лауазым</b>	<b>Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер</b>	<b>Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері</b>	<b>Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі</b>
Жалпы практика дәрігері	Еңбекке уақытша жарамсыздық парагын рәсімдеу	Кез-келген белгілі бір мекемеде қызмет атқаратын азамат, науқастанып ауырмасада еңбекке уақытша жарамсыздық парагын алғы мүмкін деген сыбайлас жемқорлық тәуекелі бар	Орташа

### **V. Мұдделер қақтығысын реттеу.**

Мұдделер қақтығысы орын алған жоқ.

### **VI. Мемлекеттік қызмет көрсету.**

Мемлекеттік қызметтер бойынша Жаңақорған аудандық көп бейінді орталық ауруханасында 7 қызмет түрі көрсетіліп келеді.

1. «Медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға бекіту»
2. «Дәрігердің қабылдауына жазылу»
3. «Дәрігерді үйге шақыру»
4. «Медициналық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама алу»
5. «Медициналық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық парагын беру»
6. «Медициналық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру»
7. «Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру»

2021 жылдың 12 айында Жаңақорған аудандық орталық ауруханасына Амбулаториялық көмекке жүгінгендер саны 389616, стационарлық көмекке көрінгендер 8720 науқас емделіп шыққан. Күндізгі бөлімге 2632 науқас емделіп шыққан. 2021 жылдың 12 ай қорытындысы бойынша: 4676 науқас еңбек жарамсыздық паралында шыққан.

Мүгедектікке жолдама алғандар ересектер менбалалар саны 197 жеткен. Ересектер- 124, балалар- 73 .

2022 жылдың 12 айында Жаңақорған аудандық орталық ауруханасына Амбулаториялық көмекке жүгінгендер саны 424646, стационарлық көмекке көрінгендер 6257 науқас емделіп шыққан. Күндізгі бөлімге 3590 науқас емделіп шыққан. 2022 жылдың 12 ай қорытындысы бойынша: 3500 науқас еңбек жарамсыздық паралында шыққан. Мүгедектікке шыққандар саны 196, оның ішінде балалар 74, ересектер 122 мүгедектік алған.

2023 жылдың 03 айында Жаңақорған аудандық орталық ауруханасына Амбулаториялық көмекке жүгінгендер саны 128457, стационарлық көмекке көрінгендер 2121 науқас емделіп шыққан. Күндізгі бөлімге 1133 науқас емделіп шыққан. 2023 жылдың 03 ай қорытындысы бойынша: 892 науқас еңбек жарамсыздық паралында шыққан. Мүгедектікке шыққандар саны 62, оның ішінде балалар 20, ересектер 42 мүгедектік алған.

Есепті кезең бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге байланысты арыз-шағымдар түскен жоқ.

## **VII. Рұқсат беру функцияларын іске асыру, VIII. Бақылау функцияларын іске асыру;**

Бақылау-қадағалау қызметтерін іске асыру және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындаитын өзге де мәселелердегі сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша: Жаңақорған ауданааралық ауруханасында рұқсат беру және бақылау – қадағалау Функциялары жоқ.

## **IX. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.**

Кәсіпорында 2021жылы 5 714 578,3 мың теңге қаржы түскен. Жыл басындағы 1,0 мың теңге қалдықты қоса алғанда 5 524 931,0 мың теңге кассалық шығыс жасалған. Кәсіпорын есеп шотында жыл сонында 189 648,3 мың теңге қалдықта қалған.

2022жылға жүргізілген қаржыландырудың жалпы көлемі 5 948 275,2 мың теңгенні құрады. Жыл басындағы қалдық 189 648,3 мың теңге, қоса алғанда 6137 923,5 мың теңге. Бөлінген қаржыдан 6 055 826,6 мың теңге игерілді. 82 097,0 мың теңге (негізгі шоттан -81 867,1 мың теңге , ақылды қызмет қорынан -100,6 мың теңге, кассада 129,3 мың теңге) мекеме балансында қалды.

2023 жылғы 3 ай бойынша бөлінген қаржы 2 183 483,8 мың теңге , игерілгені 1 593 906,5 мың теңге игерілді.

## Х. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

2021 жылдың ішінде Кесіпорынмен ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес заңды тұлғалармен 218 мемлекеттік сатып алу шарты жасалған.

2022 жылға 245 мемлекеттік сатып алу шарты жасалған.

2023 жылғы 31 наурызға дейін 123 мемлекеттік сатып алу шарты жасалған.

Жаңақорған аудандық көп бейінді орталық ауруханасы

**2021 ж, 2022 ж, 2023 жылдың 3 айын қоса сот процесінде  
қаралған істер бойынша**

<b>№</b>	<b>Талапкер</b>	<b>Жауапкер</b>	<b>Қысқаша мазмұны</b>	<b>Сотқа жолданған мерзім</b>	<b>Сот шешімі (мерзімі, соттың заңды күшіне енген күн)</b>
1 .	<b><u>2021 жыл.</u></b>	ИП РоллТ	Қоспа шынжыр/ цеп зажигания	27.11.2020ж	Тапсырысқа сәйкес таурады жеткізуден бас тартқаны үшін жозықсыз қатысушы деп танылды. Күшіне енген күн 01.03.2021ж
	«Жаңақорған ауданараптық аурухасы» ШЖҚ КМК-ы	ИП Алиби	Тауық еті	01.10.2021ж	Тапсырысқа сәйкес тауардың қымбаттауына сәйкес бас тартуына сәйкес жозығысыз қатысушы деп танылды. Күшіне енген күн 04.02.2022ж
	«Жаңақорған ауданараптық аурухасы» ШЖҚ КМК-ы	SBS холдинг	Кондиционер (сплит-жүйе)	09.06.2021	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу туралы Комитетінің мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүргінуі қажет. Сол себепті жозықсыз қатысушы деп танудан бас тарту туралы Ұйғарым 16.06.2021 ж
	«Жаңақорған ауданараптық аурухасы» ШЖҚ КМК	ЖК «ЛЕТ»	Циркуляциялық сорғы	21.04.2021ж	Тапсырысты толық орындауына байланысты жозықсыз қатысушы деп танудан бас тарту туралы Шешім 23.11.2021 жыл Күшіне

				енген күн
«Жаңақорған ауданараптық аурухасы» ШЖҚ КМК	ЖК «Ботагоз Нуртазовна Малгаждарова»	Тонер туба	21.09.2021ж	Тапсырысты толық орындауына байланысты жозықсыз қатысушы деп танудан бас тарту туралы Шешім 29.12.2021 жыл Күшіне енген күн
«Жаңақорған ауданараптық аурухасы» ШЖҚ КМК	«Алиби» ЖК	Жуу құралы	01.10.2021ж	Тапсырысты орындаудан бас тартқаны үшін жозықсыз қатысушы деп танылды. Шешім 04.02.2022 жыл Күшіне енген күн
«Жаңақорған ауданараптық аурухасы» ШЖҚ КМК	«SanMedPlus» ЖШС-і	Тамограф компьютерный	23.12.2021ж	Тауарды кешіктіріп орындағыны үшін 11.02.2022 Ұйғарым
«Жаңақорған ауданараптық аурухасы» ШЖҚ КМК	Жеке кәсіпкер «Сәтті»	«Перловка», «бұршак», «жарма»	24.12.2021 ж	Тапсырысқа сәйкес тауарларды жеткізбегені үшін жозықсыз қатысушы деп тану тарулы шешім 12.05.2022 ж Күшіне енген күн
«Жаңақорған ауданараптық аурухасы» ШЖҚ КМК	жеке кәсіпкер «Сейдахметов Б»	Дизельді жанармай	30.12.2021 ж	Тапсырыс бойынша толық орынданағаны үшін жозықсыз қатысушы деп тану туралы шешім 10.03.2022 ж Күшіне енген күн
«Жаңақорған ауданараптық аурухасы» ШЖҚ КМК	ИП СӘТТІ	Макорон өнімдері	24.12.2021ж	мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы уәкілдегі органға, яғни Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу туралы Комитетінің мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүргінуі

				қажеттігіне сәйкес бас тарту Үйғарымы 12.05.2022ж
2022 жыл «Жаңақорған ауданаралық аурухасы» ШЖҚ КМК	"СК Нұр-Астана"	Анаменбалағаарналғанмедициналық қорабы	22.07.2022ж	Тапсырысты көрсетілген тауарды жеткзбекені үшін жозықсыз қатысушы деп тану туралы Күшіне енген күн 31.10.2022ж
«Жаңақорған ауданаралық аурухасы» ШЖҚ КМК	"Topseller of chemical products" ЖШС	"Сабын" 72%	04.11.2022ж	Шартта көрсетілген тауарларды жеткізуден бас тартуына сәйкес жозықсыз қатысушы деп тану туралы Шешім. Күшіне енген күн 16.01.2023ж
«Жаңақорған ауданаралық аурухасы» ШЖҚ КМК	"ЖК ҚАЛДЫБАЕВА М"	"Кант құрғак"	09.12.2022ж	Тапсырыс бойынша тауарларды толығымен жеткізілмегені үшін жозықсыз қатысушы деп тану туралы шешім. Күшіне енген күн 22.02.2023
«Жаңақорған ауданаралық аурухасы» ШЖҚ КМК	ИП ЖАНИКО	Кеңсе жабдығына арналған қағаз формат А4	22.07.2022ж	Тапсырыс бойынша тауарды жеткізуден бас тартуына сәйкес жозықсыз қатысушы деп тану туралы шешім. Күшіне енген күні 31.10.2022 ж
«Жаңақорған ауданаралық аурухасы» ШЖҚ КМК	ИП Алаш-АБК	Авто бөлшектер	26.02.2022ж	Тапсырыска сәйкес тауарларды жеткізбекені үшін жозықсыз қатысушы деп тану туралы шешім. Күшіне енген күн. 14.03.2023ж
«Жаңақорған ауданаралық аурухасы» ШЖҚ КМК	ИП Смагулова	Сут, айран	09.12.2022ж	Тапсырыс бойынша өз міндеттерін толық орындағаны үшін жозықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызды қанағаттандырудан бас тарту шешім. Қазіргі таңда аппеляциялық шағым беріліп қаралуда.

«Жаңақорған ауданааралық аурухасы» ШЖҚ КМК	"SHIELI AGRO BIZNES" ЖШС	ҰН.күріш,бұры ш,Өсімдік майы,Рожки,	09.12.2022ж	Тапсырысқа сәйкес тауарларды уақытылы жеткізбегені үшін жозықсыз қатысушы деп тану туралы шешім. Күшіне енген күн 18.04.2023
2023 жыл «Жаңақорған ауданааралық аурухасы» ШЖҚ КМК	Aral Fish	Газ тұтқыш	20.03.2023 ж	Тапсырысқа сәйкес тауарды уақытылы жеткізбегені үшін жозықсыз қатысушы деп тану туралы 25.04.2023 ж шешім.
«Жаңақорған ауданааралық аурухасы» ШЖҚ КМК	ИП Смагулова (Аппеляциялық шағым)	Сұт. айран.	04.04.2023ж	Аппеляциялық шағым беріліп қаралуда
«Жаңақорған ауданааралық аурухасы» ШЖҚ КМК	KazTexСфера	Работы по ремонту/модернизации пожарной системы/системы тушения	26.04.2023ж	Келісім шарт бойынша қызметті орындағаны үшін жозықсыз қатысушы деп тану үшін талап арыз берілді.

## XI. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Мекемеде «Е-Өтініш», «Е-Лицензия» «Enbek.kz» автоматтандырылған ақпараттық жүйелері пайдаланылады.

## XII. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

*Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарau:*

Қазақстан Республикасының әкімшілік ресімдік-процестік кодексіне сәйкес азаматтар мен ұйымдардың арыз-шағымдары уақытылы қаралып, жауаптар қайтарылуда. Е-Өтініш бойынша келіп түсken өтініштерді тіркеу және қарау бойынша құndелікті есептілік нысаны "Жаңақорған аудандық көпбейінді орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына 2021 жылы 2 өтініш тіркелген. 2022 жылдың 12 айда 16 өтініш келіп түсken. 2023 жылдың 3 айда 3 өтініш келіп түсken. Есептілік мерзімінде құжаттарды орындау мерзімін бұзуга жол берілмеген.


Азаматтар мен заңды тұлғалардан қолданыстағы заңнаманы бұзу мәселелері сыйбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттеріне байланысты өтініштер келіп түспеген. Есепті мерзімде сыйбайлас жемқорлыққа байланысты мемлекеттік қызметшілер тарапынан құқық бұзушылық туралы арыз-шағымдар түспеген.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ҰСЫНЫМ:**


1. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексіне сәйкес жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен жолданымдарды қарау тәртібі бойынша, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ. «Сыбайлас жемқорлыққа қары іс- қимыл туралы» Заңы бойынша, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі бойынша, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі» бойынша жұмыскерлер арасында құқықтық оқытуларды үнемі жүргізу;
2. «Еңбекке уақытша жарамсыздық беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін рәсімдеу бірінгай электронды түрде «электрондық үкімет» шлюзі арқылы алуға ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне ұсыныс жолдау;
3. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сейкесіздіктерді жою бойынша ұсыныстарды орындау және уәкілетті органға хаттар жолдау.

**«КЕЛІСІЛДІ»**

Жұмыс тобы мүшелері:



М. Іскакова



С. Артыков



М. Жубаниязов



Ж. Ашимов

Карау және тиісті шаралар қабылдау үшін ұсынылды:

Бас дәрігер



С. Усенов